2. Осы құрылғыны нұсқаулықта сипатталғандай тек мақсатына сай пайдаланыңыз. Құрылғыда агрессиялық химиялық затарды немесе буларды пайдаланбаңыз. Осы пеш үлгісі тамақ өнімдерін қыздыру, дайындау немесе кептіру үшін арнайы әзірленген. Ол коммерциялық немесе өнеркәсіптік пайдалануға арналмаған.
3. Бос пешті пайдалануға тыйым салынады.
4. Егер баусымы немесе штепсель айыры зақымдалған болса, егер ол тиісті түрде жұмыс істемесе, құлаған немесе зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Егер баусым зақымдалса, электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін оны өндіруші, өндірушінің сервистік орталығы немесе тиісті біліктілігі бар маман ауыстыруы тиіс.
5. **Назар аударыңыз!** Балаларға пешті қауіпсіз пайдалануға және қате пайдаланудың қауіптілігін түсінуге мүмкіндік беретін тиісті нұсқаулар берілген жағдайда ғана, пешті қадағалаусыз пайдалануына рұқсат беріледі.

6. **Назар аударыңыз!** Аспап аралас режимде жұмыс істегенде құрылғының жоғары температура бөлуіне байланысты балалар пешті тек ересектердің қадағалауымен пайдалануы тиіс.
7. Пеш камерасында өрт қаупін азайту үшін:
 - Азық-түлікті пластикалық немесе қағаз контейнерлерде жылытқанда тұтану ықтималдығы бар болғандықтан, пешті қадағалаңыз.
 - Қағаз немесе пластик пакеттерді пешке қоймас бұрын олардан сым тұтастырғыштарды алып тастаңыз.
 - Егер түтіндеу байқалса, аспапты сөндіріңіз немесе ажыратыңыз және от сөнуге үшін есікшені жабық күйде ұстаңыз.
 - Пешті азық-түлік сақтау үшін пайдаланбаңыз. Құрылғыны пайдаланбаған кезде камера-сында қағаз бұйымдарын, ас үй керек-жарақтарын немесе тамақ өнімдерін қалдырмаңыз.
 - Микротолқынды пеш тамақ өнімдері мен сусындарды жылытуға арналған. Киімді кептіру және жылытқы, тәпішке, ысқыш, дымқыл шүберек және осыған ұқсас заттарды жылыту жарақатқа, тұтануға немесе өртке әкелуі мүмкін.
8. **Назар аударыңыз!** Сұйықтықтар мен басқа тамақ өнімдерін саңылаусыз контейнерлерде жылытуға болмайды, өйткені олар жарылуы мүмкін.
9. Микротолқынды пеште сусындарды жылыту баяулатылған қайнауға әкелуі мүмкін, сондықтан ыдысты пештен алғанда сақ болыңыз.
10. Пеште тамақ өнімдерін қуыруға тыйым салынады. Ыстық май пештің бөлшектеріне және ыдыстарға зақым келтіруі мүмкін және одан күйіп қалуға болады.
11. Қабықтағы жұмыртқаны және бітеу пісірілген жұмыртқаны пеште жылытпау қажет, себебі ол микротолқындармен жылыту процесі аяқталғаннан кейін, мысалы, жарылуы мүмкін.
12. Тамақ дайындау алдында картоп, кәді, алма және талшын сияқты қабығы қалың өнімдерде кесіктер жасаңыз.
13. Тамақтандыру бөтелкелері мен балалар тағамына арналған құтышалардың ішіндегісін араластыру немесе шайқау қажет. Күйіп қалмау үшін тұтынар алдында өнімдердің температурасын тексеру қажет.
14. Қыздырылған тамақ өнімдерінен берілетін жылудың әсерінен ыдыс ысып кетуі мүмкін. Ыдысты алу үшін тұтқыштың қажет болуы мүмкін.
15. Ыдыстардың АЖЖ пеште қолдануға жарамдылығы тексерілуі керек.
16. **Назар аударыңыз!** Құрылғы корпусын ашу қажет болатын жөндеу және қызмет көрсету операцияларын тек білікті персонал орындауы тиіс.
17. Осы микротолқынды пеш EN 55011/CISPR 11 стандартының талаптарына сәйкес келеді және В классына, 2-топқа жатады. 2-топ жабдықтары: 2-топқа ISM жиілік диапазоны бар барлық жабдықтар кіреді, онда 9 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиілік диапазонында радиожиілік энергиясы әдейі өндіріледі және пайдаланылады немесе электромагниттік сәулелену, индуктивті және /

- немесе сыйымдылық байланысы, материалды өңдеу, бақылау/талдау мақсаттары үшін немесе электромагниттік энергияны беру үшін тек локалды түрде пайдаланылады. В класты жабдық — бұл тұрғын үй-жайларда және тұрмыстық мақсаттарда пайдаланылатын ғимараттарды электрмен қамтамасыз ететін төмен вольтты электр желісіне тікелей қосылған мекемелерде пайдалануға жарамды жабдық.
18. Пешті физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе өмірлік тәжірибесі не тиісті білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса алғанда), егер олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның бақылауында болмаса немесе аспапты пайдалану туралы нұсқау берілмесе, пайдалануына болмайды.
 19. Пешпен ойнауына жол бермеу үшін балаларды қадағалау қажет.
 20. Микротолқынды пеш басқа құрылғылардан бөлек тұруы керек.
 21. **Назар аударыңыз!** Пешті плитаның немесе басқа қыздыру құрылғыларының үстіне қоймаңыз, әйтпесе пеш зақымдалуы мүмкін, мұндай жағдайларға кепілдік қолданылмайды.
 22. Микротолқынды пеш шкафқа орнатылмауы тиіс.
 23. Құрылғының сыртқы беті мен есікшесі жұмыс кезінде қызып кетуі мүмкін.
 24. **Назар аударыңыз!** Пайдалану кезінде бұйымның ашық бөліктері қызып кетуі мүмкін. Кішкентай балалар қауіпсіз қашықтықта болуы керек.
 25. Пайдалану кезінде бұйым қызды. Тамақ дайындау кезінде пештің ішіндегі қыздыру элементтеріне тиюден аулақ болу керек.
 26. Жұмыс кезінде қорғалмаған беттердің температурасы жоғары мәнге жетуі мүмкін.
 27. **Назар аударыңыз!** Егер есікше немесе есік тығыздағыштары бүлінген болса, оларды құзыретті тұлға жөндегеншепеш пайдаланылмауы тиіс.
 28. Аспап сыртқы таймердің немесе жеке қашықтан басқару жүйесінің көмегімен пайдалануға арналмаған.
 29. Микротолқынды пеш коммерциялық мақсатта емес, тек тұрмыстық пайдалануға арналған.
 30. Артқы немесе бүйірлеріндегі шектеу жапсырмасын алып тастауға тыйым салынады, өйткені ол ауа айналымы үшін қабырғадан ең аз қашықтықты қамтамасыз етеді.
 31. Зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны жылжитпас бұрын айналмалы дискіні бекітіңіз.
 32. **Назар аударыңыз!** Жөндеуді немесе техникалық қызмет көрсетуді тек білікті маман жүргізуі керек, өйткені бұл АЖЖ сәуленуден қорғауды қамтамасыз ететін қақпақты алып тастауды білдіреді. Бұл қуат баусымын немесе жарықтандыруды ауыстыруға да қатысты. Мұндай жағдайларда құрылғыны біздің қызмет көрсету орталығымызға жіберу керек.
 33. Микротолқынды пеш тек ерітуге, тамақ дайындауға және тамақты бумен пісіруге арналған.
 34. Пештен қыздырылған тағамды алу қажет болған жағдайда тұтқышты пайдаланыңыз.
 35. **Абайлаңыз!** Қақпақты ашқанда немесе жұқалтырды тағамнан алып тастаған кезде буға күйіп қалуыңыз мүмкін.

36. Осы құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тиісті тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғаларға, егер олар мұны қадағалаумен жасаса немесе оларға осы құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөнінде нұсқаулық беріліп, олар осымен байланысты қауіпті түсінетін болса, пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларға

құрылғымен ойнауға тыйым салынады. Пайдаланушы үшін қолжетімді тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді, олар 8 жастан асқан және қадағалауда болған жағдайды қоспағанда, балалар жүргізеуі керек.

37. Егер түтіндеу байқалса, аспапты сөндіріңіз немесе ажыратыңыз және от сөнуі үшін, есікшені жабық күйде ұстаңыз.

ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Есікшенің ішкі жағынан барлық қаптау материалдарының алынғанына көз жеткізіңіз.
2. **Назар аударыңыз!** Пеште зақымданудың, мысалы, есікшесінің орнынан қозғалуы немесе майысуы, тығыздағыштар мен тығыздағыш беттің бүлінуі, есікше ілмектері мен ысырмаларының бүлінуі немесе босаңсуы, сондай-ақ камераның ішінде немесе есікшеде майысқан жерлердің болуын тексеріңіз. Егер зақымдану анықталса, пешті пайдаланбаңыз және білікті қызмет көрсетуші персоналға жүгініңіз.
3. Микротолқынды пешті, пеште дайындауға болатын ең ауыр өнімдерімен қоса, оның салмағын көтере алатын тегіс, тұрақты бетке орналастыру керек.
4. Пешті температурасы, ылғалдылығы жоғары орындарда немесе жанғыш материалдардың жанына орналастырмаңыз.
5. Пештің қалыпты жұмыс істеуі үшін онда жеткілікті ауа ағыны болуы керек. Пештің үстіңгі бетінен кемінде 20 см және екі жағынан 5 см бос кеңістік қалдыру керек. АЖЖ пештің артқы панелі қабырғаға жақын орналасуы керек. Аспаптағы саңылауларды жаппаңыз және бұғаттамаңыз. Пеш аяқшаларын алып тастамаңыз.
6. Егер шыны поднос, аунақшалы тірегі мен білігі тиісті күйінде болмаса, пешті пайдалануға тыйым салынады.
7. Қуат баусымының зақымдалмағанына, оның микротолқынды пештің астында қалмағанына және ыстық немесе үшкір беттермен жанаспайтынына көз жеткізіңіз.
8. Апаттық жағдайда тез ажырату үшін розетка оңай қолжетімді болуы керек.
9. Пешті көшеде пайдаланбаңыз.

ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Осы құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс. Осы аспап жерлендіруші айыры бар жерлендіруші сымды баусыммен жабдықталған. Ол тиісті түрде орнатылған және жерге тұйықталған розеткаға ендірілуі керек. Қысқа тұйықталу жағдайында жерге тұйықтау құрылғы корпусынан кернеуді арылтып, электр тогымен зақымдану қатерін төмендетеді. Пешті қосу үшін бөлек контурды қарастыру ұсынылады. Жоғары кернеу қауіпті және өртке немесе басқа жазатайым оқиғаға әкеп соғуы мүмкін, бұл пештің зақымдалуына әкелуі ықтимал.

Назар аударыңыз! Жерлендіруші штепселді дұрыс пайдаланбау электр тогымен зақымдануға әкеп соғуы мүмкін.

Ескерту:

1. Жерге тұйықтау бойынша нұсқауларға немесе электр жабдықтарына қатысты сұрақтар туындаған кезде білікті электрикке немесе техникалық маманға жүгініңіз.
2. Өндіруші мен сатушы қуат көзіне қосылу рәсімін сақтамау нәтижесінде пештің зақымдануы немесе алынған жарақаттар үшін жауап бермейді.

Күштік сымдағы сымдар келесі кодтамаға сәйкес түстерге боялған:

Жасыл және сары = ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ

Көк = БЕЙТАРАПТАМА

Қоңыр = КЕРНЕУ АСТЫНДА

РАДИОКЕДЕРГІЛЕР

АЖЖ пештің жұмысы радио, теледидар немесе ұқсас жабдықтарға кедергі келтіруі мүмкін. Кедергілер болған кезде олардың әсерін келесі шараларды қолдану арқылы азайтуға немесе жоюға болады:

1. Микротолқынды пештің есікшесі мен тығыздағыш бетін тазалаңыз.
2. Радио немесе теледидар антеннасын бұраңыз.
3. Микротолқынды пештің қабылдағышқа қатысты орнын өзгертіңіз.
4. Микротолқынды пешті қабылдағыштан алыстатыңыз.
5. Пеш пен қабылдағыш әртүрлі контурларға қосылулы болу үшін микротолқынды пешті басқа розеткаға қосыңыз.

ҚЫЗМЕТКЕ ЖҮГІНЕР АЛДЫНДА

Сервистік қызметке жүгінер алдында келесі әрекеттерді орындау қажет:

- ▶ Пештің электр желісіне қосылуының сенімділігін тексеріңіз. Кері жағдайда, айырды розеткадан суырып, 10 секунд күтіңіз де қайтадан розеткаға тығыңыз.
- ▶ Сақтандырғыштың күйіп кетпегенін немесе негізгі қорғаныс автоматының іске қосылуын тексеріңіз. Егер олар қалыпты жұмыс істесе, розеткаға басқа құрылғыны қосу арқылы оны тексеріңіз.
- ▶ Басқару тақтасының дұрыс бағдарламаланғанын және таймердің орнатылғанын тексеріңіз.
- ▶ Есікшенің мықтап жабылатынына, есікшені бұғаттау жүйесінің жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. Егер есікше тиісті түрде жабылмаса, микротолқынды энергия берілмейді.

ЕГЕР ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕР КӨМЕКТЕСПЕСЕ, БІЛІКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНҒА ЖҮГІНІҢІЗ. ПЕШТІ ӨЗ БЕТІҢІЗШЕ РЕТТЕУГЕ НЕМЕСЕ ЖӨНДЕУГЕ ТЫРЫСПАҢЫЗ.

ТАМАҚ ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕРІ

1. Өнімдерді жинақы орналастырыңыз. Ең қалың аймақтарды табақтың сыртына қарай орналастырыңыз.
2. Дайындау уақытын қадағалаңыз. Көрсетілген ең аз уақыт ішінде дайындаңыз және қажеттілікке қарай дайындау уақытын қосыңыз. Қатты қыздырылған өнімдер түтін шығаруы немесе тұтануы мүмкін.
3. Дайындау кезінде өнімдердің бетін жабыңыз. Қақпақ шашырауға жол бермейді және тамақтың біркелкі дайындалуына ықпал етеді.
4. Тауық еті мен гамбургер сияқты өнімдердің дайындалуын жеделдету үшін дайындау кезінде оларды аударып отыру керек. Қуырдақ сияқты ірі көлемді өнімдерді кем дегенде бір рет аударып қою керек.
5. Дайындау кезінде, мысалы фрикаделька сияқты өнімдерді, жоғарыдан төменге және ортасынан шетіне қарай орнын ауыстырыңыз.

ЫДЫСҚА ҚАТЫСТЫ НҮСҚАУЛАР

1. Микротолқындар металға енбейді. Тек микротолқынды пештерде пайдалануға жарамды ыдыстарды пайдаланыңыз. Пеште дайындау үшін азық-түлік пен сусындарға арналған металл контейнерлерді пайдалануға болмайды. Егер өндіруші микротолқынды пеште пайдалануға жарамды металл контейнерлердің өлшемі мен пішінін көрсетсе, бұл талап қолданылмайды.
2. Микротолқындар металға енбейді, сондықтан металл ыдыстарды немесе металмен әрленген ыдыстарды пайдалануға тыйым салынады.
3. Тамақ дайындау кезінде қайта өңделген қағаз бұйымдарын пайдаланбаңыз, себебі олардың құрамында ұшқындар және/немесе тұтануды тудыруы мүмкін ұсақ металл үзінділері болуы мүмкін.
4. Төртбұрышты/тікбұрышты емес, дөңгелек/сопақ ыдыстарды пайдалану ұсынылады, өйткені көбінесе бұрыштардағы өнімдер шамадан тыс қызып кетеді.
5. Ашық жерлердің қызып кетуіне жол бермеу үшін алюминий жұқалтырдың тар жолақтарын қолдануға болады. Жұқалтырдың көп мөлшерін пайдаланбаңыз және жұқалтыр мен қуыс арасындағы 1 дюйм (2,54 см) қашықтықты сақтаңыз.


Төменде келтірілген тізім дұрыс ыдысты таңдауға көмектеседі.

ЫДЫС	АЖЖ	ГРИЛЬ	АРАЛАС
Ыстыққа төзімді шыны	Иә	Иә	Иә
Ыстыққа төзімді емес шыны	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Ыстыққа төзімді керамика	Иә	Иә	Иә
Микротолқынды пешке пайдалануға жарамды пластикалық табақ	Иә	Жоқ	Жоқ
Қағаз сүлгілер	Иә	Жоқ	Жоқ
Металл поднос	Жоқ	Иә	Жоқ
Металл сөре	Жоқ	Иә	Жоқ
Алюминий жұқалтыр және жұқалтырдан жасалған контейнерлер	Жоқ	Иә	Жоқ

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ


Тұтынылатын қуат:	230 В / 50 Гц, 1200 Вт (микротолқынды пеш)
	900 Вт (гриль)
Номиналды микротолқынды қуат:	700 Вт
Жұмыс жиілігі:	2450 МГц
Сыртқы өлшемдері:	262 мм (Б) × 452 мм (Е) × 361 мм (Т)
Пеш камерасының өлшемдері:	175 мм (Б) × 315 мм (Е) × 296 мм (Т)
Пештің көлемі:	20 литр
Таза салмағы:	Шамамен 11 кг

ЖАБДЫҚ СХЕМАСЫ



1. Есікшені бұғаттау жүйесі
2. Қарау терезесі
3. Аунақшалы сақина
4. Білік
5. Басқару тақтасы
6. Толқынжол (Толқынжолды жауып тұратын миканит тілімшесін алмаңыз)
7. Шыны поднос
8. Грильдің қыздыру элементі
9. Металл сөре


БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ



- ▶ **ДИСПЛЕЙ**
Уақытты, қуатты және индикаторларды көрсетеді.
- ▶ **АЖЖ (СВЧ)**
Микротолқындардың қуат деңгейін орнату үшін басыңыз.
- ▶ **САҒАТ (ВРЕМЯ)**
Уақытты орнату үшін басыңыз.
- ▶ **ГРИЛЬ (ГРИЛЬ)**
Грильде дайындау бағдарламасын орнату үшін басыңыз.
- ▶ **ГРИЛЬ + АЖЖ (ГРИЛЬ+СВЧ)**
Микротолқындар және гриль режимінде тамақ дайындаудың аралас бағдарламаларын орнату үшін басыңыз.
- ▶ **ЖЫЛДАМ ЕРІТУ (БЫСТРАЯ РАЗМОРОЗКА)**
Өнімдерді еріту уақытын орнату үшін басыңыз.
- ▶ **ЕРІТУ (РАЗМОРОЗКА)**
Ерітілетін өнімдердің салмағын орнату үшін басыңыз.
- ▶ **МӘЗІР/УАҚЫТ (МЕНЮ/ТАЙМЕР)**
Уақытты, өнімнің салмағын немесе порциялар санын орнату үшін бұраңыз.
Автоматты дайындау мәзірін таңдау үшін бұраңыз.
- ▶ **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ)**
Дайындау бағдарламаларын іске қосу үшін басыңыз.
Жылдам дайындау бағдарламасын орнату үшін басыңыз.
- ▶ **АЛДЫН АЛА ОРНАТУ (НАСТРОЙКИ)**
Пешті іске қосуды кейінге қалдыру функциясын теңшеу үшін қолданылады.
- ▶ **ЭКО РЕЖИМІ (ЭКО-РЕЖИМ)**
Энергия үнемдеу функциясын орнату үшін басыңыз.

- ▶ **БҰҒАТТАУ (БЛОКИРОВКА)**
Балалардан бұғаттауды орнату үшін қолданылады.
- ▶ **ҮЗІЛІС/ЖОЮ (ПАУЗА/ОТМЕНА)**
Тамақ дайындауды уақытша тоқтату үшін бір рет немесе дайындауды аяқтау үшін екі рет басыңыз.

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛАР

- ▶ Пешті алғаш рет қосқан кезде дыбыстық сигнал шығады, және дисплейде «1:01» және  көрсетіледі.
- ▶ Егер теңшеу барысында шамамен 30 секунд кідіріс болса, пеш күту режиміне оралады.
- ▶ Тамақ дайындау кезінде **ҮЗІЛІС/ЖОЮ (ПАУЗА/ОТМЕНА)** түймесін бір рет бассаңыз, бағдарлама тоқтатыла тұрады, дайындау процесін жалғастыру үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ)** түймесін басыңыз. Егер сіз **ҮЗІЛІС/ЖОЮ (ПАУЗА/ОТМЕНА)** түймесін екі рет бассаңыз, бағдарламаның күші жойылады.
- ▶ Тамақ дайындау аяқталғаннан кейін дисплейде «Соңы» (End) хабарламасы көрсетіледі және пайдаланушы кез келген түймені басқанға немесе есікшені ашқанға дейін екі минут сайын дыбыстық сигнал беріледі.
- ▶ АЖЖ электрондық басқару жүйесінде салқындату функциясы бар. Тамақ дайындау уақыты 2 минуттан асатын кез келген дайындау режимінде, дайындауды тоқтата тұрған немесе тоқтатқан кезде пештің желдеткіші пешті салқындату үшін, осылайша пештің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін шамамен 3 минутқа автоматты түрде қосылады.

САҒАТТЫ ТЕҢШЕУ

12 немесе 24-сағаттық форматты қолдануға болады. Күту режимінде **САҒАТ (ВРЕМЯ)** түймесін басу арқылы уақытты 12-сағаттық немесе 24-сағаттық форматта орнатуға болады.

1. Күту режимінде 12- немесе 24-сағаттық уақыт форматын таңдау үшін **САҒАТ (ВРЕМЯ)** түймесін бірнеше рет басыңыз.
2. Сағатты орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ (МЕНЮ/ТАЙМЕР)** тұтқасын бұраңыз.
3. **САҒАТ (ВРЕМЯ)** түймесін бір рет басыңыз.
4. Минуттарды орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ (МЕНЮ/ТАЙМЕР)** тұтқасын бұраңыз.
5. Растау үшін **САҒАТ (ВРЕМЯ)** түймесін басыңыз.

Ескерту. Тамақ дайындау кезінде **САҒАТ (ВРЕМЯ)** түймесін басу арқылы ағымдағы уақытты тексеруге болады.

Жылдам дайындау

Бұл функцияны АЖЖ режимінде қуат деңгейі 100% кезінде тамақ дайындауға пешті оңай бағдарламалау үшін пайдаланыңыз. Қүту режимінде тамақ дайындау уақытын орнату үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін бірнеше рет басыңыз (әр басқан сайын 30 секундқа артып, 10 минутқа дейін орнатылады), пеш автоматты түрде толық қуатта жұмыс істей бастайды.

Ескерту. Жылдам дайындау кезінде **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басу арқылы дайындау уақытын қосуға болады.

Микротолқынды пеште дайындау

1. Қүту режимінде қуат деңгейін орнату үшін **АЖЖ** (СВЧ) түймесін бірнеше рет басыңыз.
2. Дайындау уақытын орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз. 10 секундтан 95 минутқа дейінгі уақыт диапазоны қолжетімді.
3. Растау үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Дайындау қуатының деңгейін орнату үшін АЖЖ (СВЧ) түймесін басыңыз:

АЖЖ (СВЧ) түймесін басыңыз	Қуат индикациясы	АЖЖ (СВЧ) түймесін басыңыз	Қуат индикациясы
1 рет	100% (P100)	7 рет	40% (P-40)
2 рет	90% (P-90)	8 рет	30% (P-30)
3 рет	80% (P-80)	9 рет	20% (P-20)
4 рет	70% (P-70)	10 рет	10% (P-10)
5 рет	60% (P-60)	11 рет	0% (P-00)
6 рет	50% (P-50)		

Ескерту. Егер сіз толық қуатта дайындағыңыз келсе, бірінші қадамды өткізіп жіберіңіз.

Гриль

Грильде дайындау жұқа ет тілімдерін, стейк, жанышталған ет, кәуап, жіңішке шұжық және тауық еті кесектерін әзірлеуге жақсы. Сондай-ақ ыстық бутербродтар мен көмбеш дайындауға жарамды.

1. Қүту режимінде **ГРИЛЬ** (ГРИЛЬ) түймесін бір рет басыңыз.
2. Дайындау уақытын орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз. 10 секундтан 95 минутқа дейінгі уақыт диапазоны қолжетімді.
3. Іске қосу үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Гриль + АЖЖ

Гриль балық пен көмбештерді дайындау үшін қолданылатын 1-аралас дайындау режиміндегі АЖЖ-дан ұзағырақ жұмыс істейді. АЖЖ көмбеш, омлет, картоп көмбеші мен құс етін дайындау үшін қолданылатын 2-аралас дайындау режиміндегі грильге қарағанда ұзағырақ жұмыс істейді.

1. Күту режимінде «Со-1» немесе «Со-2» таңдау үшін **ГРИЛЬ+АЖЖ** (ГРИЛЬ+СВЧ) түймесін тиісінше бір немесе екі рет басыңыз.
2. Дайындау уақытын орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз. 10 секундтан 95 минутқа дейінгі уақыт диапазоны қолжетімді.
3. Растану үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Ескерту. Дайындау кезінде сіз **ГРИЛЬ+АЖЖ** (ГРИЛЬ+СВЧ) түймесін басып аралас режимде жұмыс қуатын тексере аласыз.

Жылдам еріту

1. Күту режимінде **ЖЫЛДАМ ЕРІТУ** (БЫСТРАЯ РАЗМОРОЗКА) түймесін бір рет басыңыз.
2. Еріту уақытын орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз. 10 секундтан 95 минутқа дейінгі уақыт диапазоны қолжетімді.
3. Растану үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Ескерту. Еріту барысында пеш пайдаланушыға өнімдерді аудару керектігін еске салу үшін жұмысын тоқтата тұрады және дыбыстық сигнал шығарады, содан кейін ерітуді жалғастыру үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Салмақ бойынша еріту

Еріту уақыты мен қуат деңгейі өнімнің салмағын бағдарламалағаннан кейін автоматты түрде орнатылады. Мұздатылған өнімдердің салмақ диапазоны 100 грамнан 1800 грамға дейін құрайды.

1. Күту режимінде өнімнің салмағын орнату үшін **ЕРІТУ** (РАЗМОРОЗКА) түймесін бірнеше рет басыңыз.
2. Растану үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Ескерту. Еріту барысында пеш пайдаланушыға өнімдерді аудару керектігін еске салу үшін жұмысын тоқтата тұрады және дыбыстық сигнал шығарады, содан кейін ерітуді жалғастыру үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Алдын ала орнату

Бұл функция пешті іске қосуды кейінге қалдыруға мүмкіндік береді.

1. Дайындау бағдарламасын енгізіңіз (жылдам дайындауды, автоматты ерітуді және тез ерітуді қоспағанда). **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.
2. **АЛДЫН АЛА ОРНАТУ** (НАСТРОЙКИ) түймесін бір рет басыңыз.
3. Сағатты орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз.
4. **АЛДЫН АЛА ОРНАТУ** (НАСТРОЙКИ) түймесін бір рет басыңыз.
5. Минуттарды орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз.
6. Растау үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Ескерту. Белгіленген уақытқа жеткенде дыбыстық сигнал естіледі, бұл белгіленген дайындау бағдарламасының орындай басталуын білдіреді. Алдын ала теңшеу режимінде **АЛДЫН АЛА ОРНАТУ** (НАСТРОЙКИ) түймесін бір рет басу арқылы белгіленген уақытты тексеруге болады. Алдын ала орнату уақытын көрсету кезінде **ҮЗІЛІС/ЖОЮ** (ПАУЗА/ОТМЕНА) түймесін басу арқылы берілген бағдарламадан бас тартуға болады.

Көп кезеңді дайындау

Пешті 2 дайындау циклына дейін орындауға бағдарламалауға болады.

Келесі дайындау бағдарламасын орнатқыңыз келеді делік.

Микротолқынды пеште дайындау



**Микротолқынды пеште дайындау
(қуат деңгейі төменірек)**

1. Бірінші дайындау бағдарламасын енгізіңіз. **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.
2. Екінші дайындау бағдарламасын енгізіңіз.
3. Іске қосу үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Ескерту. Автоматты дайындау мәзірін, автоматты ерітуді, жылдам ерітуді және жылдам дайындауды көп кезеңді дайындау бағдарламасы үшін пайдалану мүмкін емес.

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Теңшеу үшін: күту режимінде **ЭКО РЕЖИМ** (ЭКО-РЕЖИМ) түймесін бір рет басыңыз, дисплей өшеді.

Әрекетті болдырмау үшін: энергия үнемдеу режимінде есікшені бір рет ашыңыз немесе жабыңыз, не кез келген түймені бір рет басыңыз, не **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз, енді энергия үнемдеу функциясын өшіруге болады.

БАЛАЛАРДАН БҒАТТАУ

Бұғаттау балалардың пешті пайдалануына жол бермейді.

Теңшеу үшін: күту режимінде **БҒАТТАУ** (БЛОКИРОВКА) түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз, дыбыстық сигнал шығады және жарық индикаторы жанады, пеш автоматты түрде балалардан бұғаттау режиміне өтеді. Бұғатталған кезде барлық түймелер өшірулі болады.

Әрекетті болдырмау үшін: **БҒАТТАУ** (БЛОКИРОВКА) түймесін 3 секундтан артық басып тұрыңыз, дыбыстық сигнал шығады және индикатор сөнеді.

АВТОМАТТЫ ДАЙЫНДАУ

Келесі өнімдерге немесе дайындау режиміне дайындау уақыты мен қуатын бағдарламалау қажет емес. Сіз дайындағыңыз келетін өнімнің түрін, сондай-ақ осы өнімнің салмағын немесе порциялар санын көрсету жеткілікті.

1. Күту режимінде **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын сағат тіліне қарсы бір рет бұраңыз, дисплейде «А-01» пайда болады, содан кейін өнім кодын таңдау үшін тұтқаны сағат тілімен бұраңыз.
2. **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін бір рет басыңыз.
3. Өнімнің салмағын немесе порциялар санын орнату үшін **МӘЗІР/УАҚЫТ** (МЕНЮ/ТАЙМЕР) тұтқасын бұраңыз.
4. Растау үшін **СТАРТ/ЖЫЛДАМ СТАРТ** (СТАРТ/БЫСТРЫЙ СТАРТ) түймесін басыңыз.

Автоматты дайындау мәзірі:

Код	Мәзір	Ескерту
A-01	Спагетти (100 г, 200 г, 300 г)	1. А-08 ~ А-11 өнімдері: дайындау кезінде өнімдерді айналдырып отыру керек. 2. Автоматты дайындау нәтижесі кернеудің ауытқуы, өнімдердің пішіні мен өлшемі, белгілі бір өнімдердің дайындық дәрежесіне қатысты жеке қалауыңыз сияқты факторларға және тіпті тағамды пешке қалайша салуыңызға байланысты. Егер нәтиже сізге ұнамаса, дайындау уақытын реттеңіз.
A-02	Картоп (1–2 порция)	
A-03	Автоматты қыздыру (200–800 г)	
A-04	Попкорн (100 г)	
A-05	Балық (200–600 г)	
A-06	Пицца (150 г, 300 г, 450 г)	
A-07	Көкөністер (200–600 г)	
A-08	Тауық еті (800–1400 г)	
A-09	Сиыр еті / қой еті (200–600 г)	
A-10	Істіктегі ет (100–500 г)	
A-11	Грильдегі ветчина (100–500 г)	

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ КӨРСЕТУ

1. Тазалау кезінде пешті өшіріп, қуат баусымын қабырғадан ажыратыңыз.
2. Пештің ішкі бетін таза ұстау керек. Егер пештің қабырғаларына тамақ шашыраса немесе сұйықтық төгілсе, оларды дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Пеш қатты ластанған кезде жұмсақ жуғыш заттарды қолдануға болады. Аэрозольдерді немесе басқа агрессиялық тазартқыш құралдарды қолдану ұсынылмайды. Олар есікке бетінде дақтар мен айғыздар қалдыруы немесе лайлануына әкелуі мүмкін.
3. Пештің сыртын дымқыл шүберекпен сүрту керек. Пештің ішіндегі жұмыс бөлшектеріне зақым келтірмеу үшін желдеткіш саңылауларға судың кіруіне жол бермеңіз.
4. Төгілген және шашыраған барлық дақтарды кетіру үшін есікшені және қарау терезесін екі жағынан, есікше тығыздағыштарын және жанасып тұрған бөліктерді дымқыл шүберекпен жиі сүртіңіз. Қырнауыш жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.
5. Бутазартқышты қолдануға тыйым салынады.
6. Басқару тақтасына су өтуіне жол бермеңіз. Оны жұмсақ дымқыл шүберекпен сүрту ұсынылады. Басқару тақтасын тазалаған кезде пештің кездейсоқ қосылуын болдырмау үшін есікшені ашық қалдырыңыз.
7. Пештің есікшесінің ішінде немесе айналасында бу жиналса, оны жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Бұл микротолқынды пеш жоғары ылғалдылық жағдайында жұмыс істегенде орын алуы мүмкін. Бұл ақаулық болып табылмайды
8. Шыны подносты тазалау үшін мезгіл-мезгіл алып отыру керек. Науаны жылы, сабынды суда немесе ыдыс жуатын машинада жуу ұсынылады.
9. Шамадан тыс шуды болдырмау үшін аунақшалы сақина мен пештің түбін үнемі тазалап отыру керек. Микротолқынды пештің астыңғы жағын жұмсақ жуғыш затпен сүртіңіз. Аунақшалы сақинаны әлсіз сабынды ерітіндіде немесе ыдыс жуғыш машинада жууға болады. Аунақшалы сақинаны алып тастаған кезде оны орнына орнатуды ұмытпаңыз.
10. Пештегі иістерді кетіру үшін микротолқынды пеште пайдалануға жарамды ыдыста бір кесе суды бір лимонның шырыны мен қабығымен араластырыңыз. Пешті 5 минутқа қосыңыз. Жұмсақ шүберекпен мұқият құрғатып сүртіңіз.
11. Егер шам күйіп кетсе, оны ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.
12. Пешті үнемі тазалау және тамақтың кез келген қалдықтарын жою қажет. Пешті таза күйде сақтау бойынша талаптарды орындамау бет сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін, бұл аспаптың қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі, тіптіқауіпті жағдайдың пайда болуына әкелуі мүмкін.
13. Осы құрылғыны тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға тыйым салынады; оны билік органдары құрған арнайы кәдеге жарату орталығына тапсыру керек.
14. Гриль функциясы бар АЖЖ пешті алғаш рет қолданған кезде болмашы түтін мен иіс пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, өйткені пеш майлау майы жағылған болат тілімшеден жасалған және майлау майы жанған кезде жаңа пеште түтін мен иіс пайда болады. Біраз уақыттан кейін ол кетеді.

ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

1. Бұйымды қаптамасында көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет.
2. Тиеу, түсіру және тасымалдау кезінде сақ болыңыз.
3. Көлік пен қойма бұйымның атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымдалудан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ



Ақаулықтардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды авторландырылған орталықтар жүргізуі тиіс.

Электр және электрондық жабдықты кәдеге жарату Директивасына (WEEE) сәйкес, мұндай қалдықтарды бөлек жинап, өңдеу керек. Болашақта бұл өнімді кәдеге жарату қажет болса, оны тұрмыстық қалдықтармен бірге ТАСАМАҢЫЗ. Бұл өнімді электр және электрондық жабдықтың қалдықтарын жинау орындарына жіберіңіз (егер бар болса).

КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Біз «Хайер» компаниясының тұтынушыларды қолдау қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерін пайдалануға кеңес береміз. Егер сізде тұрмыстық техникамен ақаулар туындаса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз. Егер де сіз ақауыңыздың шешімін таба алмасаңыз, мынаған жүгініңіз:

- өз ресми дилеріңізге немесе
- біздің колл-орталыққа:
 - 8-800-250-43-05 Ресейден тегін қоңырау шалу
 - 7-727-233-30-00/ моб. 3210 «Сервис Маг» ЖШС (050016, Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 38А)
 - 7-727-397-75-75 «Ascon-7» ЖШС (050010, Алматы қ. Сағадата Нұрмағамбетова 25)
- www.haier-europe.com сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, оны паспорт тақтайшасынан немесе түбіртектен табуға болады:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні _____



Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжаттарды тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның дизайны мен жиынтықтамасына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Неғұрлым толық мәліметтер берілген сәйкестік сертификаттарының және Еуразиялық экономикалық одақтың тіркелген сәйкестік декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Құрметті сатып алушы!

«Хайер» корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: S401 кеңсе, Хайер бренд билдинг, Хайер Индастри парк Хай-тек зон, Лаошан Дистрикт, Циндао, Қытай, Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған тұрмыстық техника бұйымдарының ресми қызмет мерзімі — бұйым соңғы тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микро-толқынды пештерге — 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, робот-шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы телефондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты пайдалану мерзімі айтарлықтай ресми мерзімнен артық болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және техникалық талаптардың сәйкестілігіне арналған тиісті сертификаттауды өткен. Түсінбестікке жол бермеу үшін Сізден сатып алған кезде пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдікті міндеттемелердің шарттарын зейін қойып оқып шығуыңызды нандыра өтінеміз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Сізге Хайер-дің Авторландырылған серіктесіне жүгінуді қадала ұсынамыз.

Осы кепілдік талонымен «Хайер» корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ «Хайер» корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

Кепілдікті және сервистік қызмет көрсету белгіленген үлгідегі кепілдік талонымен жинақталған бұйымдарға таралады. «Хайер» корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету — Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін тегін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде ғана көрсетіледі.

Кепілдікті сервистік қызмет көрсету ерекше Хайер-дің Авторландырылған серіктестерімен ғана көрсетіледі. ЕАЭО аумағындағы Авторландырылған серіктестердің толық тізбесін Сіз «Хайер» ақпараттық орталығынан мына телефондар бойынша біле аласыз:

- ▶ **8-800-250-43-05** — Ресей тұтынушыларына арналған (Ресей өңірлерінен қоңырау шалу тегін)

немесе www.haier-europe.com сайтында немесе help@haieronline.ru электрондық пошта-сында.

Авторландырылған серіктестердің деректері өзгертілуі мүмкін, анықтама алу үшін «Хайер» ақпараттық орталығына жүгініңіз.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- ▶ тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- ▶ бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- ▶ тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- ▶ Бұйымның пайдалану жөніндегі нұсқаулық талап еткен техникалық қызмет көрсету мерзімде болмауы;
- ▶ суқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- ▶ бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- ▶ бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- ▶ үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- ▶ Мемлекеттік Техникалық Стандарттардан (МЕМСТ-тен) және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- ▶ еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- ▶ жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- ▶ егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- ▶ су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бәгін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

Кепілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- ▶ бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- ▶ тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- ▶ бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- ▶ желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- ▶ кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- ▶ шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- ▶ қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- ▶ сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- ▶ басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- ▶ бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыр және т. б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

Haier

Изготовитель:

Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.
Адрес: Room S401, Haier Brand building,
Haier Industry park Hi-tech Zone,
Laoshan District, Qingdao, China (Китай)

Өндіруші:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»
Мекенжайы:
Рум S401, Хайер бренд билдинг,
Хайер индастри парк Хай-тек зон,
Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация / импортер:

ООО «ХАР»
Адрес:
121099, г. Москва, Новинский бульвар, д. 8,
этаж 16, офис 1601
Тел.: 8-800-250-43-05
Адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Импорттаушы:

«ХАР» ЖШҚ
Мекенжайы:
121099, Мәскеу қаласы, Новинский бульвары,
8-үй, 16-қабат, кеңсе 1601
Тел.: 8-800-250-43-05
Эл. поштаның мекенжайы: info@haierrussia.ru

Дата изготовления
и гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі құрылғының
заттаңбасында көрсетілген

The logo consists of the letters 'EAC' in a bold, black, sans-serif font, centered within a white square. The square is set against a blue background with a repeating geometric pattern of overlapping squares and lines.